

Зергерлік бұйымдар




БІЛЕЗІК ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЕҢ КӨП ТАРАЛҒАН ӘШЕКЕЙДІҢ БІРІ. БІЛЕЗІК СЫҢАР ҚОЛҒА ДА, ҚОС ҚОЛҒА ДА ТАҒЫЛА БЕРЕДІ. БІРНЕШЕ БӨЛШЕКТЕН ҚҰРАЛҒАН АШПАЛЫ ЖАППАЛЫ, СОМ ТЕМІРДЕН ТҰТАС ҚҰЙЫЛҒАН ЖҰМЫР ТҮРЛЕРІ БОЛАДЫ. СОҒАН ОРАЙ ОЛАРДЫ СОМ БІЛЕЗІК, ЖҰМЫР БІЛЕЗІК, БЕС БІЛЕЗІК, САҒАТ БІЛЕЗІК, ҚҰЙМА БІЛЕЗІК Т.Б. ДЕП ӘРТҮРЛІ АТАЙДЫ. ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ШЫНЖЫРМЕН ЖАЛҒАСЫП ЖАТАТЫН БІРНЕШЕ ЖҮЗІГІ БАР БІЛЕЗІКТЕР ДЕ КЕЗДЕСЕДІ. ОЛАРҒА НЕШЕ ТҮРЛІ ӨРНЕКТЕР САЛЫП, ТАС ҚОНДЫРЫП, ҚАРАЛА ЖҮРГІЗІП, СІРКЕЛЕП, БҰРАЛА ШИРАТЫП ӘСЕМДЕГЕН. ОЛАР КӨБІНЕ КҮМІСТЕН СОҒЫЛАДЫ.





AMINA JEWELS
KAZAKHSTAN





(бойтұмар) Бұл - ырымдық зат. Оған кез келген бұйым (ұлтас, сүйек, т.б.) немесе арнайы жасалған қымбат заттар да алынған оларға жазу жазылып, бедер суреттер түсірілген. Бойтұмарды алқаға, кішкене қорапшаға әмиянға салатын болған. Болмаса былғарыдан, шүберектен жасаған қалташа тігеді. Үлкендігі мен пішіні әртүрлі болады. Ол көз тиюден, пәле – жаладан, апаттан қорғайды деп сенген.

- Шолпы, шаш теңге- Бұл бұйымдарды қыз – келіншектер шаштарының ұшына тағады. Шаш теңгелер мен шолпылар әсем шиыршықталған күміс үзбе бауларға бекітілген тоғыз теңгеден тұрады. Тоғыз- қазақ ұғымында киелі сандардың бірі Олар бір- бірімен ұзыннан ұзақ жалғасып, шаштың ұшына бірге өріледі.



ШОЛПЫ



ШАШБАУ

Шашбау- шашбау да бір- біріне сым үзбелер арқылы бекітіледі. Орталарына асыл тастардан көз қондырылған теңгелер тізбегінен құралады. Ұшы сәнді шашақпен, күміс әшекейлермен әсемделеді. Шашбау шаштың түбіне бекітіліп, бұрыммен бірге салбырай төгіліп тұрады.



сақина

ӘЙЕЛДЕРДІҢ САУСАҚТАРЫНА ТАҒЫЛАТЫН ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ БІР ТҮРІН ЖҮЗІК НЕМЕСЕ САҚИНА ДЕП АТАЙДЫ. САҚИНАЛАР ҒҰРЫПТЫҚ ДӘСТҮРДЕ, НЕГІЗІНЕН, ҮЙЛЕНУ САЛТЫ КЕЗІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ. СОМ АЛТЫННАН ҚҰЙЫЛАТЫН САҚИНАЛАРДЫ ЖАС ЖҰБАЙЛАР АТЫ ЖОҚ (ТӨРТІНШІ) САУСАҒЫНА ТАҒАДЫ.

ҰЗАТЫЛҒАН ҚЫЗДАРҒА НӘЗІК ЖАСАЛҒАН ҚҰС МҰРЫН ЖҮЗІК ЛАЙЫҚТЫ. АЛ ҚОС КӨЗДІ, АУҚЫМДЫ ЕТІЛІП СОҒЫЛҒАН САЛМАҚТЫ ЖҮЗІКТЕРДІ ҚҰДАҒИ ЖҮЗІК ДЕП АТАҒАН. ЖАСЫ ҰЛҒАЙҒАН ӘЙЕЛДЕР, ӘСІРЕСЕ, ЖИЫН-ТОЙЛАРДА ӘР САУСАҒЫНА БІРНЕШЕ ЖҮЗІКТЕРДІ ҚАБАТТАП ТАҒАТЫН БОЛҒАН. ЗЕРГЕРЛЕР АЛТЫННАН, КҮМІСТЕН ҚҰЙЫП, ҚАҚТАП, СОҒЫП, ШЕКІМЕЛЕП, ҚАРА АЛА ЖҮРГІЗІП ШИЫРШЫҚ ТЕМІРДЕН ТОРЛАП, НЕБІР ТАМАША ӨРНЕКТЕР САЛЫП, АСЫЛ ТАС ҚОНДЫРЫП АЛУАН ТҮРЛІ ЖҮЗІКТЕР ЖАСАЛҒАН. ОЛАР ЖАСАЛУ ТҮРІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ РЕТІНЕ ҚАРАЙ ОТАУ ЖҮЗІК, ЖИНАМАЛЫ ЖҮЗІК, ТАСБАҚА ЖҮЗІК ДЕП АТАЛҒАН.



Құдағи жүзік

Құдағи жүзік. Екі саусаққа киелетін құдағи жүзіктің қос бауырдағы болады. Мұндай жүзіктерді қалыңдықтың шешесі құдағиына өзінің қызына мейіріммен қарауы үшін және құндандалы екі рудың бір-біріне ынтымағы үшін сыйға таратқан. Жүзіктердің ақықтас, астына қызыл бояу жаққан әйнек салған көздері болады (қызыл оттың, өмірдің символы, ол адамды қаратүнектің басталуынан сақтайды деп санаған).





Отау жүзік

Отау жүзік – атынан – ақ білініп тұрғандай, отауды бейнелейді. Бұл жүзікті қалындықтың саусағына кигізген. Өйткені, ол күйеуінің ұрпағын жалғастырушы болып есептеледі. Жүзіктің үсті конус тәрізді болып жасалады. Батыс Қазақстанда беташардан соң келіннің қолтығынан сүйеген жас әйелдерге сақина салған.



Құмтұмсық

жүзік



Құмтұмсық жүзік - бақыттылықтың, тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісін білдіретін, бойжеткен қыздар тағатын жүзік. Жүзіктің формасы құстың тұмсығы тәрізді.

Сақина, жәзік





Қапсырма- бір- біріне топтаса арқылы бекітілетін екі бөліктен тұрады. Олар үш бұрыш, сүйір, доға тәріздесе әр түрлі пішінде болады. Қапсырманың бетіне аң- құстың, ай мен күннің немесе өсімдік тектес өрнектер салынып, тастар орнатады.



Сырға– қыз – келіншектердің аса сүйіп тағатын әсемдік бұйымдарының бірі- сырға. Қазақ зергерлері жасайтын ай сырға, тас козді сырға, күмбез сырға, салпыншақ сырға, сабақты сырға, шашақты сырға деп әр өңірде алуан түрлі аталатын сырғалардың түрлері өте көп

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде
Қазақ хандығының 550 жылдығына
орай «Зергерлік өнер» атты көрме
ашылды.

Көрмеге «Әдемі – ай» өнер
музейінің топтамаларынан сирек
кездесетін зергерлік бұйымдар
қойылды.







strategy2050.kz